

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының

ЖИНАҒЫ
7 - қазан, 2022 ж.

Астана, 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ҒАСЫРДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: БАСЫМДЫҚТАР МЕН ІЗДЕНІСТЕР» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының

ЖИНАҒЫ

7 - қазан, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции «ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В XXI ВЕКЕ: ПРИОРИТЕТЫ И ПОИСКИ» посвященная памяти профессора А.А.Молдажановой
7-октября, 2022 г.

COLLECTION

Collection materials of the International scientific and practical Conference «PEDAGOGICAL EDUCATION IN THE XXI CENTURY: PRIORITIES AND SEARCHES» dedicated to the memory of professor A.A.Moldazhanova

October -7, 2022 y.

Астана, 2022

ӘӨЖ 37.0
БКК 74.00
П 82

Редакция алқасы:

Ж.Д.Курманғалиева - Басқарма мүшесі - Ғылым, коммерциаландыру және интернационалдандыру жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Б.П.Сейітқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** - п.ғ.к., доцент; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Махадиева А.К** - PhD., **Балтабаева Ж.Б.** - магистр, **Қуатов А.К.** - магистр.

ISBN 978-601-337-713-1

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Профессор А.А.Молдажанова және қазақстандық білім беру жүйесінің дамуы», «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобаны жүзеге асыру - Жаңа Қазақстанды дамытудағы басым бағыт», «Білім берудің ғаламдық мәселелерін шешуде адами ресурстардың бірігуі» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -587 бет.

ӘӨЖ 37.0
БКК 74.00
П 82

ISBN 978-601-337-713-1

«Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

@Астана, 2022

5. Базарбаева С.М., Нүсіпова А.Ж., Батжанова С.М. Білім беру жүйесінде салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері. Жаратылыстану ғылымдары саласындағы зерттеулер. – 2012. – 75-77 б.

6. Неменко Б.А. Оспанова Г.К. Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы. Оқулық. – Алматы, 2002. – 344 б.

ОӘЖ 371.04

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЕРДІҢ КӘСІБИ САПАЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Кертаева Калиябану Махметовна

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Кундузкаирова Айнаш Куандыковна

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 3 курс докторанты,

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында (2007) [1] болашақ мамандардың ақпараттық-компьютерлік сауаттылығын жетілдіру, Қазақстан Республикасының барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға білім беру стандартында [2], Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында [3] бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыру қарастырылады. Сонымен қатар, аталмыш ақпараттық қоғам талабына сай болу, ақпараттық технологиялардың барлық мүмкіндігін әлеуметтік, экономикалық және тағы басқа салаларда оңтайлы пайдалану мақсатында елімізде «Ақпараттық Қазақстан – 2020» Мемлекеттік бағдарламалары жүзеге асырылып, «Цифрлы Қазақстан» [4] жобасында көрініс тапқан. Республиканың көптеген жетекші жоғары оқу орындары қашықтықтан оқытуды дамытуға үлкен көңіл бөлуде. Мұндай оқыту айтарлықтай тартымды және жыл сайын білім беру жүйесінде маңызды орын алады. Сонымен қатар, ол үздіксіз кәсіптік білім беру, біліктілікті арттыру және қайта даярлау жүйесінде кеңінен қолданылады, бұл мұғалімге де, оның кәсіби дайындығы мен кәсіби қасиеттерінің дамуына да, білімалушыға да белгілі бір талаптар қояды.

Қазіргі кезде қазақстандық білім беруде ақпараттың жылдам даму қарқыны оқу процесінде ақпараттық технологияны қолданудың алғы шарттары жасалып, қашықтан оқытудың дамуына ықпал етеді. Қашықтықтан оқыту ақпараттық-білім беру кеңістігін қалыптастырады және оқытудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Қашықтықтан оқытудың сапасын қамтамасыз етуде педагог-психологтің дайындығы ерекше рөл атқарады, өйткені білім алушылардың білімі мен тәрбиесі соған байланысты. Қашықтықтан оқытудың дамуына байланысты педагог-психологтерді ақпараттық білім беру ортасында өзін-өзі жүзеге асыру, олардың дайындығын арттыру жолдарын іздестіру қажеттілігі туындап отыр.

Арнайы әдебиеттерді зерттеуде (А.А. Ахтян, Т.Ю. Базаров, М.Н. Бериулава, Е.А. Бондаренко, М.А. Евдокимов және т. б.) қашықтықтан білім беру "екінші үздік" балама ретінде қарастырылатындығын көрсетті [5]. Зерттеушілердің еңбектерінде қашықтан білім берудің маңызды компоненттерінің бірі **IT технологиялар** болып табылатындығын көрсеткен:

-Заманауи IT-технологияларды белсенді енгізу мүмкіндігі;

-білім алушылардың танымдық мүмкіндіктерінің дамуын, олардың оқудағы ынтасы мен белсенділігін, сондай-ақ қашықтықтан оқыту арқылы дайындығын ескере отырып, оқытуды дараландыруды жетілдіру;

-білім алушының орналасқан жеріндегі оқытудың ағымдағы жағдайын, оның қашықтықтан оқытуға дайындығын және қол жеткізілген нәтижелерді ескере отырып, оқу процесін құрудың *икемділігі мен ыңғайлылығы*;

-*интерактивтілік* – студенттер мен оқытушы арасындағы белсенді қарым-қатынас және т. б.

Жоғарыда атап өтілгендей, қашықтықтан оқыту форматы оқытушының (оқыту субъектісі) және университет студенттерінің (оқыту объектісі) жоғары ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін талап етеді. Оқытушы қашықтықтан білім беру үдерісінің субъектісі ретінде студенттерді оқыту мен тәрбиелеудің сәттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тиісті әлеуметтік-мәдени ортаның дамуына әрекет етеді. Ол үшін оның ақпараттық-педагогикалық дайындығы (құзыреттілігі) және ақпараттық-педагогикалық мәдениетімен ерекшеленуі қажет.

Мұғалімнің ақпараттық-педагогикалық дайындығы (құзыреттілігі) оның педагогикалық дайындық деңгейімен және қашықтан оқытуда өзін-өзі жүзеге асыру құралы ретінде ақпараттық технологияларды меңгеруімен сипатталады.

Арнайы әдебиеттерде педагогикалық кадрларды кәсіби даярлаудың көптеген аспектілері көрініс тапты, оның ішінде: педагог профессиограммасы, педагог іс-әрекетінің ерекшеліктері мен құрылымы (Н.В. Кузьмина); мұғалім тұлғасын қалыптастыру (В. А. Сластенин); мұғалімнің кәсіби-тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру (А. И. Щербаков) және т. б.

Педагогтің ақпараттық - педагогикалық мәдениеті – бұл қашықтықтан оқыту құралдарымен білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу арқылы оның күнделікті іс-әрекетінің сапалық сипаттамасы.

Ол көбінесе қашықтықтан оқытудың сапасын қамтамасыз ету үдерісінде IT-технологиялар арқылы педагогикалық өзін-өзі жүзеге асыру мәдениетін анықтайды. Психолог-педагогтің ақпараттық-педагогикалық мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі оның тұлғасы мен кәсіби маңызды қасиеттері болып табылады.

Педагогтың кәсіби сапалары - көп қырлы және көп мағыналы ұғым. Ол мұғалімге кәсіби міндеттерді сапалы орындауға мүмкіндік беретін көптеген құраушы компоненттерді қамтиды. Оларды бөліп көрсету үшін кәсіби қызметтің бағыттарын анықтап, оларды шешу ерекшелігін, мұғалімнің оларды сәтті шешуіне мүмкіндік беретін сапаларды анықтау қажет. Жоғары оқу орнында педагогтарды даярлау міндеттерін шеше отырып, олардың бойында

қашықтықтан оқыту жүйесінде, ақпараттық технологиялар саласында да (ақпараттық мәдениетті қалыптастыру) өзін-өзі жүзеге асыру үшін қажетті кәсіби маңызды сапаларды қалыптастыруға бағытталған.

Зерттеу аясында көрсетілген жұмыстарды талдау мұғалімдердің ақпараттық даярлығына үлкен көңіл бөлінетінін көрсетті (Н.И. Гендина, Е.В. Данилчук, Н.Б. Зиновьев, Ю.С. Зубов, С.Д. Қаракөзов, А.И. Ракитов, Б.А. Семеновкер, Е.П. Семенюк, В.А. Фокеев және т.б.). Олардың еңбектерін талдау барысында ақпараттық мәдениетінің мәнін түсінуге әртүрлі тәсілдер ұсынғанын көрсетті, атап айтқанда:

Ю.С. Зубова *ақпараттық мәдениет* деп, кәсіби және кәсіби емес қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған жеке ақпараттық іс-әрекеттерді оңтайлы жүзеге асыруды қамтамасыз ететін білім, білік және дағдылардың жүйеленген жиынтығы деп түсінеді [3]. Бұл тәсіл ақпараттық мәдениеттің кәсіби қызметте ақпараттық технологияларды пайдалану дайындығын анықтайтынына назар аударады.

Н.И. Гендинаның пікірінше [5], жеке тұлғаның ақпараттық мәдениеті «ақпараттық қоғамдағы жеке тұлғаның әлеуметтік қамтамасыз етілуімен қатар кәсіби (педагогикалық) іс-әрекеттің ең маңызды факторы» ретінде деп түсіндіреді. Мұндай көзқарас жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетінің мәнін ашпайды, тек оны кәсіби іс-әрекеттің сәттілік факторы ретінде сипаттайды.

Ақпараттық-педагогикалық мәдениет термині әдебиетте жеткілікті көрініс таппады. Ақпараттық мәдениет пен кәсіби (педагогикалық) мәдениетті түсінудің әртүрлі тәсілдерін жүйелеу келесі анықтамаға келуге мүмкіндік береді, бұл педагогтің жалпы мәдениетінің бір бөлігі, ол игерілген және күнделікті көрінетін педагогикалық іс-әрекет деңгейін білдіреді. Педагогика саласындағы ғылыми ойдың жетістіктерін ақпараттық технологияларды пайдалану және оның әлеуетін компьютерлендіру (IT-технологиялар) арқылы жүзеге асыруды көрсететін, оларды кәсіби тағайындау (оқыту және тәрбиелеу) жөніндегі міндеттерді шешуге бағыттап пайдаланудың тәжірибелік өтілі. Бұл педагог-психолог бойындағы кәсіби маңызды қасиеттерінің дамуымен байланысты. Жоғарыда айтылғандар ақпараттық-педагогикалық шеберлігімен және ақпараттық-педагогикалық мәдениетімен ерекшеленетін қашықтықтан оқыту субъектісі – мұғалімнің кәсіби маңызды сапаларының мәнін зерттеудің маңыздылығын растайды.

П.Ф. Каптеревтің пайымдауынша ұсынған мұғалімнің кәсіби сапаларының ішіндегі ең маңызды ерекше және адамгершілік-ерік деп бөлуге болады.

Педагогтің ерекше сапалары оның ғылыми, теориялық және әдістемелік дайындығы барысында қалыптасады. Петр Федорович белгілі пәнді білу жеткіліксіз, оны жақсы оқыту үшін мұғалім әртүрлі болуы керек екеніне назар аударды:

-педагогтың әдістемелік шеберлігін айқындайтын сапалар - оқыту әдістерін меңгеру;

-педагогикалық іс-әрекеттегі шығармашылық көрініске бейімділік, оның ішінде: педагогикалық ойлау, педагогикалық бейнелеу және қиял;

-білімалушылардың ерекшеліктері мен болып жатқан өзгерістерді көре білу, олардың жай-күйі мен танымдық мүмкіндіктерін түсіну (педагогикалық бақылау);

-мұғалімге білімалушыларды оқытуда да, тәрбиелеуде де өз мүмкіндіктерін тез және толық іске асыруға мүмкіндік беретін білім беру ортасына бейімделу;

-педагогикалық іс – әрекеттегі еркіндік пен дербестік – бұл мұғалімге өзін мұғалім ретінде толық жүзеге асыруына мүмкіндік береді. "Нағыз жақсы мұғалім – бағдарламалардың да, әдістердің де құлы бола алмайды, ол әрқашан еркін және тәуелсіз тұлға болып қалуы керек» - деді П.Ф. Каптерев. Педагогикалық іс-әрекеттің элементтері біртүрлі болып көрінетін, білімі мол мұғалім біршама нашар мұғалім болса, ал екіншісі салыстырмалы түрде аз біліммен өте жақсы және сәтті сабақ беретінін толық түсіндіріледі» [6, 601 б.];

-өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу – мұғалім педагогикалық іс-әрекеттің пәндік және әдістемелік саласында да кемелдікке ұмтылуы керек. «Әдетте, өз дамуын аяқтаған және басқаларды дамытпайтын мұғалімдер, олар тек сабақ береді, өздері үйренген нәрсені айтады» - деп жазды П.Ф. Каптерев. Шынында да, олар өз ілімдерін іштей жандандыра алмайды; олар мұғалімдер міндеті бойынша, әдеті бойынша, басқа істің мүмкін еместігі бойынша, бірақ кәсібінің жылы шырайлы орналасуы бойынша емес.» [6, с. 601].

Адамгершілік-еріктік қасиеттер «мұғалім оқушылармен және олардың жеке қасиеттерінің жиынтығымен байланыста болады» – бұл мұғалімді жеке тұлға ретінде сипаттайды, олардың білімі мен тәрбиесінің сапасына айтарлықтай әсер етеді. Педагогтың тұлғалық қасиеттерінің топтарына мыналар жатады:

-өзін көрсететін жалпы мәдениет: өзін-өзі ұстау тәсілі; сөйлеу мәдениетін дамыту; сыртқы келбет мәдениеті; ұқыптылық, сыртқы көріністер; әдеттер;

-оқытуға (еңбек объектісіне), педагогикалық іс-әрекеттің өзіне және оның тиімділігіне қатынасын анықтайтын педагог тұлғасының адамгершілік (деонтологиялық) негізі, яғни педагог парызының деонтологиялық (рухани-адамгершілік) негізі.

-Ол өзінің шынайы адамгершілігін кәсіби қызметі, өмірі, іс – әрекеті арқылы өзімен бірге жұмыс істейтін адамдарға және өз Отанының патриоты студі көрсеткен жетекші ұстаздардың мұраттарына негізделген. Міне, ұстаздың рухани-адамгершілік сана-сезімін, өз міндетін айқындайтын, ұстазға сеніп тапсырылған шәкірттерді олардың әрқайсысының мүддесі үшін педагогикалық қызметінің (оқыту мен тәрбиелеу) арқасында рухани бай, бақытты адам студі анықтайтын қасиеттер. Педагог тұлғасының қасиеттеріне мыналар жатады: әділдік; бейтараптық; борыш сезімі; адамгершілік бедел; адалдық; балаларға деген сүйіспеншілік және т. б.

-мұғалімнің бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, оқыту мен тәрбиелеуде нәтижелілікке жетуге мүмкіндік беретін іскерлік қасиеттер: ұқыптылық; төзімділік пен табандылық.

Педагог тұлғасының ерекше сапалары оның ақпараттық-педагогикалық мәдениетінен де көрінеді. Ол қашықтан білім беру жүйесінде оның өзін-өзі

жүзеге асыруға дайындық деңгейін анықтайтын ақпараттық технологиялар арқылы жүзеге асырылатын педагогикалық іс-әрекеттің мәдениетін айқындайды. ЖОО-да студенттердің кәсіби тағайындалуы үдерісінде ақпараттық-педагогикалық мәдениеттің негіздері қалыптасады. Бұл кезеңде олардың ақпараттық технологияларды игеруі және кәсіби мақсатта өзін-өзі тану мәдениетінің тәжірибесін жинақтау, тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерін дамыту жүзеге асырылады.

Қашықтықтан оқытуды дамытудың негізгі бағыты қосымша білім беруден негізгі білім беру саласына біртіндеп ауысуы деп сеніммен айтуға болады. Қашықтықтан оқытуды зерттейтін авторлардың (А.А.Андреев, Е.С.Полат, В.В.Вержбицкий және т.б.) бірқатар еңбектерінде жоғары оқу орындарында оны қолдану мен дамытуға көп көңіл бөлген. Қашықтықтан оқытуды жүзеге асыру барысында мұғалімнің ролін кеңейтеді және жаңартады. Бұл, бір жағынан, дербес компьютерлерді, электронды оқулықтарды, бейне жазбаларды және т.б. практикалық қолдану мүмкіндіктерін кеңейтсе, екінші жағынан, педагогикалық кадрларға қойылатын талаптарды, олардың ақпараттық технологияларды игеруде үздіксіз білім алуы, әртүрлі ақпаратты қабылдау, өңдеу және тасымалдау; ақпараттық білім беру өнімдерін құру, ақпаратты сақтау және т. б. Бұл болашақ маман болатын студенттердің бойында ақпараттық-педагогикалық мәдениетін қалыптастыру қажеттілігін көрсетеді. Адамға қатысты «мәдениет» ұғымы оның көрінісін не сипаттайтынын анықтайды (сыртқы келбет мәдениеті, мінез-құлық мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, көзқарасы, қарым-қатынас мәдениеті және т.б.). Ол сондай-ақ әрекетке негізделген көріністі (еңбек мәдениеті, әрекет мәдениеті, кәсіби мәдениет және т.б.) ажыратады. Оған сәйкес олар белгілі бір ортада (өмір сүру ортасында) қалыптасқан және танылған адамның үйренген және күнделікті көрсететін мінез-құлық, қарым-қатынас, іс-әрекет тәжірибесін түсінеді [7, б. 296].

Әдебиеттерді талдауда ақпараттық мәдениетке деген қызығушылықтың зор екенін көрсетті [2; 5; 8; 11 және т.б.]. Ақпараттық мәдениет дегеніміз, атап айтқанда: ақпаратпен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін жеке тұлғаның негізгі мәдениетінің құрамдас бөлігі: ақпаратты алу, қайта жаңғырту, тәжірибе жүзінде қолдану (С. Д. Каракозов) [8, 41-54 б.]; Өркениеттің даму кезеңінде маманға кез келген іс-әрекет аясында қолжетімді болатын ақпараттық мүмкіндіктер жиынтығы (Б.А. Семеновкер) [9, 11-15 б.]; Жаңа ақпараттық қоғамда жұмыс жасайтын жаңа ақпараттық технологияларды, ақпаратпен жұмыс жасаудың заманауи технологияларын меңгерген, дұрыс шешім қабылдай білетін, өз іс-әрекетінің соңғы нәтижесін болжай алатын маман дайындау (Н.А.Теплая) [10, 35 б.]; Адамға ақпараттық кеңістікте еркін бағдарлануға, оның қалыптасуына қатысуға және ақпараттық өзара ықпалдасуға мүмкіндік беретін білім деңгейі. (Е. А. Медведева) [11, 59-67 б.]; қоғамдағы білім (ақпарат) өндірісімен, функциясымен және жеке тұлғаның ақпараттық қасиеттерін қалыптастырумен, оның ішкі әлеммен үйлесімділігімен байланысты мәдениет саласы (Ю. С. Зубова, В. А. Фокеева) [11, 199 б.].

Мұғалімнің ақпараттық-педагогикалық мәдениетінде ішкі және сыртқы құрамдас бөліктер ажыратылады (1-сызба).

Педагог-психологтің ақпараттық-педагогикалық мәдениетінің ішкі құрамдас бөлігі оның игергенін сипаттап, сыртқы күнделікті көрінісін анықтайды.

Оған мыналар кіреді:


- *жеке – тұлғалық деңгей* - маманның деонтологиялық негізін, жеке-психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық жетістіктері мен кемшіліктерін анықтайтын рухани-адамгершілік негіздері бар жеке басы (ішкі өзіндік ерекшелігі);

- *теориялық (дүниетанымдық) деңгей* - маманның ақпараттық құралдар мен технологияларды меңгеру көлемі мен дәрежесі, сондай-ақ кәсіби-педагогикалық қызмет тәжірибесі;

- *сезімталдық (эмоционалдық) деңгей* – педагог-психологтің объектіге ақпараттық технологияларды қолдану арқылы педагогикалық іс-әрекеті мен оның нәтижелеріне қалыптасқан сезімдік қатынасы;

- *ерікті деңгей* – педагогтің кәсіби бағытта өзін-өзі жүзеге асыру қабілетін анықтайтын адамгершілік-еріктік қасиеттері.

Сызба 1. – Педагог-психологтің ақпараттық-педагогикалық мәдениетінің құрылымы



Педагог-психологтің ақпараттық-педагогикалық мәдениетінің сыртқы компоненті - бұл объектіге, кәсіби іс-әрекетіне, оның ішінде ақпараттық технологияларды қолдану мен оның нәтижелеріне қатысты күнделікті көрінісі. Ол қамтиды:

-тұлғалық деңгейі – педагог-психологтің тұлға ретіндегі сыртқы артықшылықтары мен кемшіліктері (сыртқы келбеті, әдеті, мінез-құлқы және басқалары) ақпараттық-педагогикалық мәдениеттің көрінісі;
-мінез-құлықты деңгейі – педагог-психологтің кәсіби іс-әрекет үдерісінде көрсетілетін ақпараттық-педагогикалық аспектілері;
-әрекеттік деңгейі – кәсіби іс әрекетте ақпараттық технологияларды меңгеру;
-сыртқы қатынас деңгейі – білімалушыларға, педагогикалық іс- әрекеттегі ақпараттық технологияларға қатынасы.

Осылайша, қашықтықтан оқыту формасын пайдалана отырып, өзін-өзі жүзеге асырудың негізі ретінде педагог-психологтің ақпараттық-педагогикалық мәдениетінің мәні мен мазмұны ашылады. Бұл қашықтықтан оқытуда болашақ педагог-психологтердің кәсіби сапаларын қалыптастыруға таңдалған мәдениеттің негізгі құрамдас бөліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы педагог-психологтің ақпараттық-педагогикалық мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі оның жаңа ақпараттық технологияларды дербес меңгеруге, мүмкіндіктерін бағалауға, сонымен қоса еніп жатқан өзгерістерді қабылдауға, білім беруді үздіксіз жаңартуға дайын болу тиіспіз.

Әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда
- 2.Қазақстан Республикасының білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. –31.10.2018 ж.,ҚР Білім және ғылым министрінің №604 бұйрығы
- 3.Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы – Егемен Қазақстан, 12.04.2017ж.
- 4.«Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы.- 12.12.2017 ж., Қазақстан Республикасы Үкіметінің №827 қаулысы
- 5.Гендина Н.И. Дидактические основы формирования информационной культуры / Н.И. Гендина // Школьная библиотека. – 2002. – № 1. – С. 24-27.
- 6.Каптерев, П.Ф. Избранные педагогические сочинения / под ред. А.М. Арсеньева. – Москва: «Педагогика», 1982. – 704 с.
- 7.Мардахаев Л. В. Социальная педагогика: основы курса: учебник / Л. В. Мардахаев. – 6-е изд., испр., доп. – Москва; Берлин: Директ-Медиа, 2021. – 440 с.
- 8.Каракозев С.Д. Информационная культура в контексте общей теории культуры личности // Педагогическая информатика. – 2000. – № 2. – С. 41-54.
- 9.Информационная культура: от папируса до компактных оптических дисков / Б.А.Семеновкер // Библиография. -1994. - № 1. - С.11-15.

10. Теплая Н.А. Современные подходы к определению понятия и сущности формирования информационной культуры // Современные исследования социальных проблем: электр. журнал. – 2012. – № 6 (14).

11. Основы информационной культуры: программа курса для вузов / Е.А. Медведева // Социологические исследования. – 1994. – № 11. – С. 59-67.

ӘОЖ 378:004

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДЕ ЛЕКЦИЯЛЫҚ САБАҚТЫ ІТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Конакбаева Т.Е.

Педагогика магистрі

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан

Қазіргі таңда қашықтықтан білім беру мен дәстүрлі форматта оқыту болмасын білім беру жүйесінің сапасын арттыруда инновациялық технологияларды қолдану өзінің маңыздылығын көрсетуде. Бұл жайында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану» міндеті айтылады [1]. Аталған мәселенің өзектілігі әлеуметтік-экономикалық жағдайда бәсекеге қабілетті болашақ маманға сапалы білім беруде жоғары оқу орындарында (ЖОО) лекциялық сабақтарды осы оқытудың ақпараттық инновациялық технологияларымен түрлендіру болып отыр.

Білім беру саласында әсіресе ЖОО болашақ мамандарды даярлау барысында ақпараттық инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігін айтпастан бұрын, оның мағынасын ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып түсініп алғанымыз дұрыс болар. Зерттеулерге сүйенсек, «*Инновация*» ұғымы ең алғаш рет XIX ғасырда мәдениеттанушылардың зерттеулерінде қолданылды. Инновация (латын тіл.-«жаңа, жаңалық, жаңарту») бұрын болған нәрсенің ішінде жаңа нәрсенің пайда болуын, дамуын білдіреді. Қазақстанда ең алғаш «инновация» ұғымын қазақ тілінде анықтаған ғалым, профессор Н.Нұрахметов. Ол: «Инновация, инновациялық үдеріс деп отырғанымыз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызмет» деп көрсетеді. Ал, К.Құдайбергенова «инновацияны» – нақты қойылған мақсатқа сай алынған жаңа нәтиже деп есептеп, төмендегідей аудармалар жасаған: «инновация» - жаңарту, «нововедение» – енген жаңалық, «новое» – жаңа, «новшество» – жаңалық, «инновационный процесс» – жаңарту үдерісі [2; 17]. Н.М.Аблязимова өз зерттеуінде, инновация -бұл белгілі бір уақыт аралығында жаңашыл идеяны қайта қарау, жаңалау деп атаған. Осыны негізге ала отырып, инновацияны -